

Казакстан Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы қарсаңында Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Казакстан жана жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Казакстан халқына Жолдауын жариялады.

Елбасы Тәуелсіздік алғалы бері жеткен жетістіктерімізді айта отырып, мемлекет қандай жағдайда да әлеуметтік міндеттемелерін орындап келгенін, тарихымызды түгелдеп, мәдениетімізді орқендетуге қол жеткізгеніміз туралы айтып отті.

Елбасы Жолдауда әлемдік саясат пен сырт елдерде болып жатқан жағдайларға елімізді шарпытпай, әлем қосінен қалмай ілгерілеп, ел экономикасының өнсесін түсірмей, халықтың әл-ауқатын қотеру мен бірлік жайында баса айтты. Сонымен қатар, қиын да күрделі кезеңде, қоз алдымызда мың қубылып жатқан қоғамда өмір кешіп отырғанымыз жасырын еместігін де еске салып, тиісті министрліктерге халыққа онтайлы бағыттарды ұсынды. Жана индустриялық және инновациялық жобалардың қарқынын күшейтуді тапсырды.

2016 жылы банк жүйесінде де сапалы жұмыстар болуын талап етіп, ұлттық теңгеіміздің күлдырауына жол бермеуді, оның беделін қотеруді тапсырды.

Әсіресе, ірі кәсіпкерлердің ел экономикасына қаржы салып, халықты жұмыспен қамтып, әлеуетінің қотерілуіне септігін тигізуі жайын айтқаны қопшілікке үлкен әсер еткені созсіз.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдарда біраз қиыншылықты бастан откергенімен, бүгінде оның бәрі артта қалған жасампаз, бақуатты елге айналды. Оның дәлелі, Елбасы Жолдауында: «Біздің халқымыз ешқашан бүгінгідей бақуатты тұрмыс кешіп қорған жоқ. Тәуелсіздік алғаннан бері 1300-ден астам денсаулық сақтау нысаны мен 1700-ден астам білім беру ошағын салдық. Олардың барлығын өн сонғы үлгідегі күралдармен жабдықтадық. Аса күрделі операцияларды өз елімізде, өз дәрігерлеріміз жасайтын жағдайға жеттік», - деді. Бүгінгі күні әрбір елді мекендегі салынып жатқан мектептер мен емханаларды салу әлі де жалғасуда. Бұның барлығы да еліміз үшін қуанарлық жағдай.

Еліміз «Казакстан – 2050» Стратегиясы қабылданғаннан бері, осы уақыттың өзінде-ақ оны жүзеге асыруда, тіпті, жаһандық дағдарыстың теріс ықпалына қарамастан орасан зор нәтижелерге қол жеткізілді.

□□□□ **Біріншіден**, Давос экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі қорсеткіші бойынша Казакстан әлемде 42-орында ие болды.

Екіншіден, бизнес үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайтын елдердің әлемдік рейтингінде Казакстан 41-позицияны иеленді.

Үшіншіден, 30 қарашада Казакстан Дүниежүзілік сауда ұйымының заңды түрдегі толық қанды мүшесі болды. Бүгінде қоптеген жайттар ұлы Казакстан жолы мен Мәңгілік Ел идеясын бастап отырған өзімізге байланысты. Біздің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу болашаққа арналған іс-қимыл стратегияларымыз бар.

Қазір және кез-келген басқа уақытта біздің дағдарысқа қарсы басты стратегиямыз ұш қарапайым, бірақ маңызды – өсім, реформалар, даму ұғымдарымен үндес.

Біріншісі – өсім. Өңгіме өн алдымен, экономикалық өсім туралы. Ағымдағы міндеттерге қатысты алғанда бізге Казакстанның әлемнің негүрлым дамыған отыздығына өнуін қамтамасыз ететін экономикалық өсім қарқынын қалпына келтіру

кажет. Біз жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жана ішкі көздерін ашуға тиіспіз.

□□□□ **Екінші** – реформалар. Олар экономиканың, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазір біз 100 нақты қадам үлт жоспарын жүзеге асырып жатырмыз. Бізге мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалдық секторларды негүрлым тереңірек реформалау мейлінше кажет.

□□□□ **Үшінші** – даму. ХХІ ғасырда қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту дамудың басты факторына айналып отыр. Біз Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың негүрлым әлсіз буындарына атаулы көмек қағидаттарында бүкіл мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды кен ауқымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізудеміз.

Таяу уақыттарда бізге келесі **бес бағыт** бойынша дағдарысқа қарсы және күрылымдық кешенді жанаруларды жүзеге асыру кажет.

□□□□ **Бірінші. Қаржы секторын тұрақтандыру.**

□□□□ **Екінші. Бюджет саясатын онтайландыру.**

Үшінші. Жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру.

□□□□ **Төртінші. Жана инвестициялық саясаттың негіздері.**

Бесінші. Жана әлеуметтік саясат.

□□□□ Экономикалық тәуекелдерге, жалпы ештеңеге де қарамастан халықты әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру мақсатында 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбекақысы 28%, білім беру саласының қызметкерлері 29%, әлеуметтік қорғаудағы қызметкерлердікі 40%-ға дейін артатыны жарияланды. Сонымен қатар, мүгедектігі мен асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік жәрдемақылардың 25%-дық өсімі, сондай-ақ стипендиялар қамтамасыз етілетін болады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап инфляция деңгейінің алдын ала отырып, ынтымақты зейнетақыны 2%-ға индекстеледі. 2016 жылы «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 30%-ға арттырылатын болады. Әрине, осының барлығы халықтың болашаққа сеніммен қарап, алансыз өмір сүруіне толық негіз болады.

Бүгінгі таңда, «білім аламын, оқимын, еңбек етемін», - деген жанға жол ашық. Елбасы Жолдауында өз өмірін үлгі ете отырып, жастарға үлкен ой салатын сөздер айтты. «Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді менгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын менгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алындар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерін, сендер қандай өмір жолын тандап алсаңдар да міндетті түрде көделеріне жарайды», - деген Ә.Назарбаевтың сөзі қашанда үлгі-өнеге. Бұл Жолдауда Президент жастарға мамандық менгеруге қатысты кеңесін айта келе, тегін кәсіби жұмысшы мамандықтарын игеру үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлінетіндігін айтты. Елбасының білім беру саласына қатысты айтқан бұл сөздері көптің көкейінен шықты. Аталған салада ешқандай қаржылық қысқарту болмайтыны, алдағы уақыттар белесінде де қолдау қорсетіле беретіні баса айтылды. Бұл – Елбасының саяси қорегендігі. Себебі, адами әлеуетті дамыту арқылы дағдарысты өңсере алатынымызға сеніміміз көміл.

Жолдауда көтерілген мәселелер еліміздің әлемдік дағдарыстан аз шығынмен шығып, алға қарай дамудың сатыларын міндеттейді. Елбасы қойған биік мақсаттарға біздер бірлесіп қана тұрақтылық пен келісімде, түсіністік пен жауапкершілікте ғана қол жеткіземіз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші әрбір азамат Елбасы тапсырмаларын орындауда өз үлестерін қоса білу керек. Баршамыз Елбасы Жолдауынан қанаттанып, жарқын істерді жасампаздықпен жүзеге асыра берейік!

**«Нур Отан» партиясы Мактарал
аудандык филиалынын
консультанты О.Тургынов**